



**АТЫРАУ
UNIVERSITY**

Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМҰХАМЕДОВА

№2 (107)
Сәуір, 2021 жыл



Құрметті әріптестер, университет ғалымдары!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз - Ғылым күнімен шын жүректен құттықтаймын!
Бүгінде ғылым адамзат тіршілігінің барлық саласын дамытудың басты факторына айналды. Ғылым барлық уақытта экономикалық қайта құрудың қуатты ресурсы, ұлттық байлықтың маңызды құрамдас бөлігі, технологиялық прогрестің қозғаушы күші болды. Ұлтымыздың ғылымның заманауи және тиімді жүйесін қолдай білу қасиеті ғылыми жетістіктер санын сөзсіз еселей түсуде. Қазіргі таңда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ғалымдары Атырау өңірімен қатар республика көлемінде, шетелдік қоғамдастық, ғылыми қауымдастық арасында кеңінен танымал. Жылдан жылға ғылыми ізденістер аясы ұлғайып, біздің ғалымдарымыздың жетістіктері оқу үдерісі мен еңбек нарығына қолданысқа енуде. Университетте ашылған ғылыми-зерттеу орталықтары заман талабына сай жұмыс бағыттарын қайта зерделеп, түрлі жобаларға қатысуда. Осы мерейлі күні Сіздерге зор денсаулық, жоғары кәсіби жетістіктер, ғылыми мәселелердің тиімді шешімдерін табуда зор табыстар, батыл идеялар, шығармашылық шабыт және ең үздік жобаларды, жаңа шыңдар мен белестерді бағындыруды тілеймін.

Құрметпен,
Басқарма Төрағасы-ректор
Саламат Идрисов





ҒАЛЫМҒА ТАҒЗЫМ

2011 жылғы Елбасының Жарлығы бойынша 12 сәуір Ғылым қызметкерлері күні болып жарияланған болатын. Осыған орай, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ұйымдастыруымен академик Қаныш Сәтпаев ескерткішіне жыл сайынғы дәстүрлі гүл қою рәсімі өтті.

Жиынды құттықтау сөзімен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы – ректор Идрисов Саламат Нұрмұханұлы ашты. Жиын барысында ғалымдар мен студенттер Қаныш Имантайұлы жайлы тың деректермен бөлісіп, ғалым ескерткішіне құрметпен гүл шоқтарын қойды.



ҒЫЛЫМ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН БРИФИНГ



Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Ғылым қызметкерлерінің атаулы күнінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ басқарма төрағасы – ректоры Идрисов Саламат Нұрмұханұлы мен Ғылым және халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры Батрышев Дидар Ғалымұлы «Университеттің ғылыми қызметінің өңірдегі экологиялық және әлеуметтік-экономикалық ахуалды зерттеу әлеуеті» тақырыбында онлайн брифинг өткізіп, журналистер мен әлеуметтік желі қолданушыларының сауалдарына толық ақпарат берді.

Брифинг барысында «Егер табиғатқа – ауа, жер (топырақ), суға зиянды заттар төгілсе, университет сынағандар алып, тәуелсіз зерттеу жүргізе ала ма? Оны зерттейтін зертханалар бар ма? Университет ғалымдарының Атыраудың экологиялық ахуалын зерттеу, жақсартуға арналған жобалары бар ма? Өңірдің ғылыми орталығы болуды жүзеге асыра алатын оқу орнының кадрлық әлеуеті қандай? Пандемияға байланысты онлайн оқытуда студенттердің зертханалық жұмыстары қалай ұйымдастырылуда?», – деген ғылым төңірегінде қойылған сұрақтар мазмұнды жауаптармен нақтыланды.

КҮЙШІГЕ АРНАЛҒАН ҚҰРМЕТ

Қазақтың әйгілі күйші композиторы, Қазақстанның халық әртісі Дина Нұрпейісованың 160 жылдығына орай «Музыка және өнер» кафедрасы әдеби-сазды күй кешін ұйымдастырды.

Тағылымы мол кеш шымылдығы университет ансамблінің «Әсем Қоңыр» күйімен ашылды. Шара барысында «Ұлы даланың – ұлы күйшісі» атты Д. Нұрпейісоваға арналған арнайы кітап көрмесіне кітапхана қызметкері Айнұр Темірбекқызы библиографиялық шолу жасады. Ерекше зейін аударған композитордың «Он алтыншы жыл» күйін

Ел жастарының қажырлы да қайратты, дені сау ұрпақ болып өсуі өркениетті қоғам үшін өте маңызды. Ал жастардың спорттағы жетістіктері – ел дамуының ең маңызды көрсеткіші. Спорттық ойындардың заман ағымына қарай қарыштауына сай жаңа түрлері де қосылып, үздіктердің әлемдік дода-лардан бой көрсетуіне себепші болуда. Сондай ерекше, жас спорттық ойынның бірі – Пенчак Силат жауынгерлік спорт өнері.

Пенчак Силат – Индонезия, Малайзия, Сингапур елдерінің тарихи спорт түрі. Олардың дәстүрі бойынша бұл спорт түрі жастарды дамытып, жетілдіруде маңызды рөл атқарған.

«Пенчак» – дене мүшелерінің қалпын шебер өзгерте отырып, өзі-өзі қорғау, ал «Силат» – пенчакты күресуде қолдану деген мағына береді. Бұл спорт өнері 4 бөлімнен тұрады. Тандинг – жекпе – жек, тунгал – жеке орындау, регу – топтық орындау, ганда – жұптық орындау.

Бүгінгі таңда осы спорт түрінің тандинг бөлімі бойынша Атырау өңірінің спортшылары жоғары жетістіктерге қол жеткізуде. Олардың ішінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің

СТУДЕНТТЕРІМІЗ ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА!



студенттері де бар.

Атап айтқанда. «Инновациялық білім беру» факультетінің 1 курс студенттері Арсен Ермаққали I орын, Аманжан Амангелдіұлы II орынды иеленсе, «Экономика және құқық» факультетінің I курс студенті Дар-

хан Жұмағалиев II орынға ие болды. Аманжан Амангелдіұлы мен Дархан Жұмағалиев Малайзиялық спортшылармен жекпе – жекке шықты. Жалынды спортшыларымыздың үздік жетістіктері – біз үшін үлкен қуаныш.

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА ЖАҢАРТЫЛДЫ



Батыс өңіріндегі ең ірі жоғары оқу орындарының бірі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ғылыми кітапханасы – аталмыш оқу ордасының

тарихының бір бөлігі. Қазіргі таңда ғылыми кітапханада 3 тілде түрлі тақырыптағы кітап қоры топтастырылған. Оқырмандардың сұранысын қанағаттандыруда кітапханада алфавиттік және жүйелік каталог бар. Кітап қорын толықтыру және өңдеу бөлімінде ақпараттық-іздістіру жүйесі «КАБИС» бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

Ғылыми кітапхана сандық кітапхана жүйесін құру мақсатында кітапхана қорындағы барлық оқулықтар мен ғылыми еңбектер оқырмандарға қолжетімді ету үшін электронды форматқа көшіру жұмыстары жүргізілуде. Кітапхана қызметінің негізгі алға қойған міндеттерінің қатарында кітапханаға оқырмандарды тарту, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, кітапхананың қорын жаңа әдебиеттермен толықтырып, атаулы күндерге мәдени көпшілік іс-шаралар өткізу, кітапхананың материалды-техникалық базасын нығайту маңызды болып табылады.

АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖОБА СЕРІКТЕСТІГІНДЕ

Ғылым қызметкерлерінің күні қарсаңында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті мен «Зейін-Атырау» ұйымының әлемнің инклюзивті білім беру саласындағы алдыңғы қатарлы ғалымдары мен мамандары бірігуімен жүзеге асатын халықаралық ғылыми жоба серіктестігіне қатысуға мүмкіндік алды.

Канаданың Саймон Фрейзер Университеті (Simon Fraser University) профессоры, доктор Роберт Уильямсонның (Dr. Robert Williamson) басшылығында дайындалған «Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім беру тәжірибесін бағдарлайтын салыстырмалы халықаралық зерттеу» (A comparative international study navigating the educational experiences of children with disabilities) атты жобаның, сол елдің Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар кеңесінің (SSHRC)

қаулысымен 3 жылға гранттық қаржыландыруы мақұлданған.

Инклюзивті онлайн білім беру саласындағы жаңашыл зерттеу боп табылатын бұл халықаралық жобаны жүзеге асырушы топ құрамында Канада, АҚШ, Иордания және Қазақстанның ғалымдары мен тәжірибелі мамандармен қоса болашақ педагог-маман студенттер де бар.

Дайындық жұмыстары 2020 жылдың қыркүйек айынан басталған серіктестікті жоспарлау мен жобалау үрдісін талқылау мақсатында Саймон Фрейзер университеті мен Атырау университетінің жобаға қатысушылары арасында бірнеше онлайн кездесу өтті.

Атырау университеті басшылығы тарапынан барынша қолдау көрсетіліп, жобаға қатысушылардың келесі құрамы анықталды: ф.ғ.д. А.Ө. Мұхамбетжанова, п.ғ.к. Л.Е.

Қойшығұлова, п.ғ.к. Ж.Н.Сабирова, п.ғ.к. Г.К.Шұғаева, ф.ғ.к. А.А.Султанғубиева.

Аталмыш жобаның Қазақстандағы инклюзивті білім берудің дамуына болашақ инклюзия мамандарын дайындау әдістемесін дамыту және осы саладағы зерттеулерді халықаралық стандартта орындау арқылы орасан зор үлесін қосатынына сенімдіміз.

Жобаның жүзеге асырылуына септігін тигізіп, Атырау мен Ванкувер арасында алтын көпір орнатып отырған университетіміздің бұрынғы Бірінші проректоры, қазіргі таңда Канада Вест Университетінің (University Canada West) профессоры және Педагогикалық шеберлік орталығының директоры, Саймон Фрейзер Университетінің Жаңашыл білім беру технологиялары саласында екінші PhD оқуын оқып жүрген Айгерім Сенбекқызы Шилбековаға алғысымызды білдіреміз.



БІЛІКТІ БАСШЫЛАР

Қадыр Жаманбайұлы Жаманбаев Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы Ақуық ауылында 1914 жылы шаруа отбасында дүниеге келген. Еңбек жолын 1932 жылы, яғни 18 жасында Жаңақорған ауданы халық ағарту бөлімінде қатшы, Жаңақорған кентінде бастауыш мектепте мұғалім болып бастады. Жоғары білім алу мақсатында 1934 жылы



Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтына оқуға түсіп, 1938 жылы ойдағыдай аяқтап шықты. Институт қабырғасында қазақтың біртұар қоғам қайраткерлері, жоғары оқу орынындағы алғашқы ұстаздары С.Аспандияров, С.Сейфуллин, Ш.Әлжанов, М.Әуезов дәрістерін тыңдады. Жоғары оқу орнын бітірген соң, жас маман Алматыдағы Қазақ педагогикалық училищесінде оқытушылық қызметке жіберілді. Сол кезеңде елдің ертеңгі – жас ұрпақ деп, қиынға соларды жұмсап жатты. «Ертең соғыс басталса, ел жорыққа аттанса, жас түлектер, дайын бол!»; «Бәрінен де биікке, бәрінен де қашыққа, бәрінен де шапшаң ұшайық!» деген ұранмен әскери әзірлік мектеп қабырғасында – ақ қолға алынып, жүзеге асырылып жатқан тұста Қызыл Армия қатарына шақырылып, 1939 кеңес-фин соғысына қатынасып, оқ-дәрінің иісін сезінуіне тура келді. Соғыс қарсаңында 1941 жылы Харьков әскери училищесіне оқуға жіберілді. Соғыс уақытында Калинин майданында атқарып отырған бөлімінде саяси жетекшісі, 57 гвардиялық атқыштар дивизиясының капитаны қызметінде болды. Майдан даласында ауыр жараланып Калинин, Тюмень госпиталдарында емделді. Майдан даласында көрсеткен ерлігі үшін II-дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалдарымен марапатталды. 1943-1944 жылдары Жаңақорған аудандық Кеңесі еңбекшілері депутаттарының орынбасары, Қызылорда облыстық комитетінің нұсқаушысы қызметтерін атқарды. Партия, кеңес органдары өз тарапынан білікті маман, майдангер Қадыр Жаманбайұлының 1944 жылы Москвадағы Жоғары партия мектебіне оқуға жіберді. Соғыстан кейінгі ауыр жылдары 1945 жылы Жамбыл облысының оқу бөлімінде әдістемелік кабинет меңгерушісі, Жамбыл аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. Кейінгі өмірі жоғары білім беру саласымен тығыз байланыста өтті. 1946-1952 жылдары Алматы қаласындағы консерваторияның марксизм-ленинизм кафедрасының меңгерушісі болды. Ал 1952-1954 жылдар аралығында Қызылорда педагогикалық институтының (қазіргі Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті) директоры қызметін абыроймен атқарды. Есімі 2007 жылы жарық көрген «Сыр еліндегі іргелі білім ордасы» кітабына (- Алматы: «Арыс» баспасы, 2007, - 432 б) енгізілген. 1954-1958 жылдары Ақтөбе педагогика институтының марксизм-ленинизм кафедрасының доценті қызметінде болып, дәріс оқыды.

Қадыр Жаманбайұлы 1958 жылы Атырау өлкесіндегі Гурьев педагогикалық институтының ректорлығына тағайындалып, ол қызметі 1962 жылға дейін абыроймен атқарды. Оның басшылығымен Гурьев педагогикалық институтының қалыптасу кезеңінде оқытушылар мен студенттер кездескен қиыншылықтарға мойынсынбай, қайта оны бірлесіп жеңе білді.

Қ.Ж. Жаманбаев басқарған 50-жылдардың аяғы мен 60-жылдардың бас кезі – Гурьев педагогикалық институтының қалыптасу кезеңі болды. Бұл жылдары студенттердің күшімен барақ-жатақхана салынды. Бұрынғы екеуіне қосымша ретінде қаладағы Абай көшесінде орналасты және осында студенттер асханасы жұмыс жасай бастады. Студенттерге арналып А.С.Пушкин көшесінің бойында 2 қатарлы жатақхана бой көтерді. Бұл жылдары педагогикалық институтқа 1958 жылы жабылып қалған Гурьев педагогика училищесі мен Ақтөбе пединститутының кітапхана қоры берілді. Бұл кітап қорлары Гурьев педагогика институтының ғылыми кітапханасының негізіне айналды.

Қадыр Жаманбайұлы басқарған жылдары институттың ғылыми-материалдық базасын нығайтумен қатар, жоғары оқу орнын ғылыми кадрлармен толықтыруға, жұмыс істеп жүрген оқытушылардың ғылыми өсуіне және мамандығын жетілдіруге, ғылыми еңбектерін жариялауға ерекше күш салынды. 1959 жылдың 29 қазан күні өткен институттың Ғылыми кеңесінде кафедрадағы ғылыми жұмыстар

туралы баяндама жасаған Қ.Ж. Жаманбаев ғылымға ерекше мән беру керектігіне тоқталды. Осы жылдары конкурс бойынша институтқа әр мамандық саласынан ғылыми дәрежесі мен атақтары бар педагогика ғылымдарының кандидаттары Х.Б.Бектенов, А.В. Лебедев, филология ғылымдарының кандидаттары Е.Ф. Теплов, Ю.Ф. Романова, М.Л. Селиверстов, М.Д. Джакипбеков, техника ғылымдарының кандидаты И.Д. Михельман және т.б. ғалымдар келді.

Осыған байланысты ХХ ғасырдың 60-жылдарының бас кезінен бастап, аспирантураға оқытушыларды жіберу, өз бетімен іздену, тағалымдама сияқты ғылыми жұмыспен шұғылданудың түрлері кең өріс алды. Институтта жұмыс істеп жүрген оқытушылардың, өз бетімен ізденушілердің арасында бірінші болып, тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін Қ.Е.Темірғалиев кандидаттық диссертациясын (1959 жылы өзі білім алған С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде) ойдағыдай қорғап шықты, сонымен бірге физика-математика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін А.Х.Наубетовте диссертациясын қорғады. 1959 жылы жұмыс істеп жүрген оқытушылардың ішінде бірінші болып, аспирантураның күндізгі бөліміне Б.Баймұханов жіберілді. Бұл жылдары институт оқытушыларының ғылыми еңбектерін жариялауға мүмкіншілік жасалып, ерекше мән берілді. Тек қана 1959-1962 жылдардың арасында институт ғалымдарының үш «Ғылыми жинағы» шығарылды. Оның біреуі физика-математика ғылымдарының сериясы, қалған екеуі – тарих-филология сериясы еді. «Ғылыми жинақта» кейбір жас оқытушылардың алғашқы мақаласы жарияланды. «Ғылыми жинақта» атап айтқанда Х.А.Ахметжанов, Ю.А.Медведев, Қ.Е.Темірғалиев, Л.Е.Файн, В.П.Жуков, И.Р.Емельченко, Е.И.Боярский, С.Т.Қожабаев, Л.И.Белый, М.Д.Жақыпбеков, М.М.Мішанов, Қ.Өмірәлиев мақалалары енді. Мұны институт өмірінде ғылыми-зерттеу жұмысын дамыту бағытындағы елеулі жұмыстар деп бағалауымыз керек. Сол кездің өзінде оқытушылардың ғылыми жұмысын дамытуға және оқытушылардың ғылыми мақалаларын жариялауға мүмкіндік жасалды. «Ғылыми жинақта» мақаласы жарияланған 12 оқытушының бесеуі кейіннен ғылым докторы, ал алтауы ғылым кандидаты болды. Бұл жұмыстардың басы-қасында институт ректоры Қ.Ж.Жаманбаевтың жүргендігі сөзсіз.

Гурьев педагогикалық институты өздерінің алғашқы түлектерін 1959 жылы және 1960 жылдары шығарды. Институт бітірушілерді жұмысқа бөлу және орналастыру жөніндегі мәселенің оң шешімін табуына ректор ықпал етті. Бұл кезеңде мұғалім кадрларының жетіспеуіне байланысты институт түлектері республиканың барлық облыстары бойынша бөлінді. Қ.Жаманбаев 1958-1962 жылдары институтты басқарған тұста жұмысын жетік білетін, шығармашылық бастамалардың ұйтқысы, өзіне де, өзге де талапшыл, принципшіл, жұмыс бабында ұжымдық басқаруға ерекше назар аударатындығын, қабылданған шешімдердің орындалуын аса ыждағатпен бақылауға алатындығын, оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәлім-тәрбие жұмыстарын өзара ұштастыра білетін іскер кадр екендігін дәлелдеді. Білікті басшыны Қазақ КСР Оқу министрлігі 1962 жылы жаңадан ашылып жатқан Целиноград педагогикалық институтының ректоры қызметіне тағайындады. Бұл қызметті де 12 жыл абыроймен атқарды. Қазақстанда жоғары оқу орындарының даму тарихын зерттеп, 1973 жылы «Исторический опыт по развитию высшей школы в Казахстане (1917-1970 жж.)» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. 1974-1979 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінің КОКП тарихы кафедрасының меңгерушісі, Алматы теміржол транспорты инженерлері институтында КОКП және саяси экономика кафедрасының меңгерушісі лауазымында қызметінде болды. Қадыр Жаманбайұлы Қазақ КСР Халыққа білім беру ісінің үздігі және Қазақ КСР-нің Жоғары мектебіне еңбек сіңірген қызметкер. Жоғары білім саласындағы қажырлы да жемісті еңбегі үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен екі мәрте марапатталды.

1979-1981 жылдары ҚазМУ-дағы білім жетілдіру институтының және ҚазПИ-да тарих кафедрасының профессоры қызметтерін атқарды. Ал 1981-1986 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті Қазақстан тарихы кафедрасы меңгерушісі. Ғылым саласындағы жетістіктері үшін 1979 жылы профессор ғылыми атағы берілді. 200-ден астам ғылыми мақалалардың, кітаптардың, монографияның авторы. Қадыр Жаманбайұлы – ірі ғалым және Қазақ КСР жоғары мектебін ұйымдастырушылардың бірі. Еліміздегі халық ағарту саласын қалыптастыруға және педагогикалық жоғары оқу орындарын басқаруға ерекше үлес қосқан тұлғалардың бірі. Ғалымның қаламынан 200-ден астам ғылыми-танымдық мақалалар жазылып, басылымдарда жарияланды. Білікті басшы Қ.Жаманбаев қай жерде, қай кезеңде болмасын еңбек етсе де ел сенімін, халық қамын жоғары ұстай білді.

Ғалым 72 жасында 15 қыркүйек 1986 жылы Алматы қаласында қайтыс болды. Білімді де білікті басшы, ғалымды мәңгі еске сақтау мақсатында атқарылған іс-шаралардың бірі – Целиноград педагогикалық институтының тұңғыш ректоры ретінде 2016 жылдың 18 мамырында Л.Гумилев атындағы Бұра-зия университеті гимаратына мемориалдық ескерткіш тақта қойылған.

... Атырау облыстық мемлекеттік архиві қорында 1962-1968 жылдары Гурьев педагогикалық институтын басқарған азамат Садырбай Тоқманұлы Қожабаевтың жеке ісі сақталған. Өз қолымен толтырған автобиографиясында жазылғандай ол Талдықорған облысы, Бөрлітөбе ауданының Майқамыс

ауылдық кеңесінің №9 ауылында 1929 жылдың 23 сәуірінде шаруа отбасында дүниеге келген. Әкесі Тоқман 1894 жылы дүниеге келіп, Қазан төңкерісіне дейін байларда батрак болған. 1929 жылдан бастап Түркісіб теміржол басқармасына қарасты Балқаш станциясында теміржолда жұмысшы болып жасаған. Анасы Күлсін 1910 жылы дүниеге келген. Анасы қазақ әйелдеріне



тән үй шаруасы мен балаларының тәрбиесімен айналысты. Жанярада бауырлары ағасы Сансызбай, қарындастары Әсия, Әсем, Дарига ата-анасының қарауында болды. Сегіз жастағы Садырбай 1937 жылы Түркісіб теміржолы №37 разьезінің №12 бастауыш мектебіне оқуға қабылданады. 17 жасында, яғни 1946 жылы Абай атындағы Алматы педагогикалық институтының тарих факультетіне оқуға түседі. Аталған институтты 1949 жылдың 2-ші шілдесі күні үздік аяқтады. Архив құжаттарынан аңғаратынымыз мемлекеттік емтихандардың барлығын тек «5»- деген бағаға тапсырған. Мемлекеттік емтихан қабылдаған институт ректоры С.Е. Толыбеков, декан С.Байтықов болды. Сүгірбай Байтықұлы кейін Гурьев мұғалімдер институтының директоры болды. Бір қызығы кейінгі жылдары студент пен деканның өмір жолдары Гурьев қаласындағы педагогикалық институтында тоғысты.

Жас маман 1949-1952 жылдары Н. В. Голь атындағы Қызылорда мұғалімдер институты марксизм-ленинизм негіздері кафедрасында оқытушы қызметінде болды. Ал 1952 жылдың қазан айынан бастап Қазақ КСР Ағарту министрлігінде жолдамасымен Гурьев мұғалімдер институтына қызметке келді. 1953 жылдың 14 наурыз күнгі институт директоры Қ.Е.Темірғалиевтың берген міндемесінде «Садырбай Қожабаев қоғамдық жұмыстарға белсене араласады, институт комсомол ұйымының бюро мүшесі, қалалық комсомол комитетінің үгітшісі, облыстық партия комитетінің штаттан тыс лекторы, облыс және қала жұртшылығына дәрістер оқыды. Ол институтта марксизм-ленинизм негіздері пәнінен семинар дәрістерін жүргізеді. Негізінен алғанда С.Қожабаев дәрістері белгіленген талаптарға сай. Дегенмен оған теориялық және әдістемелік жақтарын жетілдіруге қажет және сол бағытта кафедра басшылығымен жұмыс жасауда», - деп түйіндейді. Жаста, жігерлі, марксизм-ленинизм негіздері кафедрасында оқытушысы Садырбай Тоқманұлы оқу орнының басшылығы институттың ғылыми-оқу бөлімі бойынша директордың орынбасарлығына ұсынады. 1954 жылдың 8 қыркүйегінде Гурьев қалалық партия комитетінің қаулысы негізінде С.Т.Қожабаевты аталған қызметке тағайындау үшін облыстық партия комитетінің бюросына ұсынылды. Гурьев қалалық партия комитетінің хатшысы С.Кузьминнің берген міндемесінде «Жолдас Қожабаев бастамашылық қызметкер, ұжым арасында белсене іле, қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысады. Қалалық партия комитеті бюросының шешімі бойынша аталған лауазымға лайықты», - деп атап өтеді. 1954-55 оқу жылының қыркүйегінен бастап институт директорының оқу-ғылым бөлімі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Өз кезегінде Гурьев қалалық партия комитетінің хатшысы Т.Әбдіразақов Гурьев педагогикалық институтының Садырбай Тоқманұлы жоғары оқу орны директорының сырттай оқу бөлімі бойынша орынбасарлығына ұсынған ұсынысты облыстық партия комитеті бюросының күн тәртібіне талқылауға енгізу туралы мәселе көтеріп 1955 жылдың 25 қарашада қолын қойып, қатынас қағаз жолдаған. Сол жылы институт директорының сырттай оқу бөлімінің орынбасары болып тағайындалды. 1956-1962 жылдары Гурьев педагогикалық институтында кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Марксизм-ленинизм негіздері кафедрасының 1956-1957 оқу жылының II-жарты жылдықтағы оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстарының жоспарындағы кафедра мәжілісінде оқытушылардың жарияланатын ғылыми мақалаларын талқылайтын комиссия мүшесі, оқу-әдістемелік сұрақтар бойынша қаралатын мәселе де V-XV семинар сабақтарының жоспарын және емтихан билеттерін бекіту тапсырыла, ғылыми жұмыс бойынша мәселе де С.Қожабаев, Қ.Темірғалиев, Л.Е.Файн авторлық бірлікте жариялайтын «Гурьев облысында Кеңес өкіметінің орнауы» атты мақалалары кафедра мүшелерінің талқылауына шығарылған. 1957 жылы облыстық архив деректері бойынша жазылған, яғни №1 қор Гурьев уезінің революциялық комитетінің (Ревком), №2 қор

«Гурьев уездік жұмысшы, шаруа, Қызыл армия депутаттары кеңесі атқару комитетінің» істері бойынша тарих ғылымдарының кандидаттары С.Қожабаев және Л.Е.Файн 1957 жылы «Из истории борьбы за установление и упрочение Советской власти в Гурьевской области» атты кітапты жарыққа шығарды. Ол мемлекет тарапынан еңбектегі жетістіктері мен жоғары білім саласындағы сүбелі еңбегі үшін 1961 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

1962-1968 жылдары Гурьев педагогикалық институтының (қазіргі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті) ректоры қызметінде болды.

Ректор С.Т.Қожабаевтың басшылығымен институттың оқу-материалдық базасының нығаюының, профессор-оқытушы құрамының ғылыми өсуінің, мамандықтардың кеңеюінің, жаңа факультеттер мен кафедралар ашудың жаңа кезеңі басталды. Осы кезеңде 1963 жылы Батыс Қазақстан өлкелік партия комитетінің шешімімен институтқа бұрынғы мектеп-интернаттың оқу үйі беріліп, оған тарих-филология факультеті мен оқу орны өкілшілігі кірді. Сонымен қатар жаңа типтегі оқу ғимаратын, екі студенттер жатақханасын, студенттер асханасын, спорт кешенін жобалау және құрылысы бойынша жұмыстар жүргізілді. Барлық іс кадрлар арқылы өз шешімін табатындығы белгілі. Сондықтан да ректор С.Т.Қожабаев ұжымдағы проректорлар Л.И.Белый, А.К.Дарибаев, Г.А.Абдрахманов, декандар Н.И.Утегенов, З.А.Алдамжаров, Н.Е.Бахарев, И.Я.Сулковский, Г.Д.Даиров, П.М.Иванов, партбюро хатшылары Ф.М.Жаннахметова, М.Н.Наконечной, Н.П.Марченколлар т.б. қоян-қолтық жұмыс жасады.

1964 жылы барақ-жатақханалар бұзылып, орнына жаңа жатақханалар салынды. Мамандықтар тізімінің кеңеюіне байланысты 1962-1963 оқу жылы бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі факультеті ашылды. 1963 жылы тарих кафедрасы құрылды. 1964 жылдан бастап жұмыс істеген биология және ауыл шаруашылығы негіздері кафедрасының базасында жылы ботаника, зоология және химия кафедралары құрылды. Педагогика және психология кафедрасы, дене шынықтыру, физика, математика кафедралары өз жұмыстарын одан әрі жалғастырды. Ректорат тарапынан институт профессор-оқытушыларына ғылыми және әдістемелік көмек беру мақсатында республикаға танымал, белгілі ғалымдарды әр ғылым саласынан жұмыс істеп жүрген оқытушылар құрамынан ғылыми кадрлар дағраудың жаңа түрі ретінде институтқа шақыру жолға қойылды.

Институт басшылығы тарапынан 60-жылдары Гурьев педагогика институты үшін ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау, кафедралардың жұмысына тікелей көмек берген, жекеленген ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысып жүрген оқытушыларға, аспиранттарға, ізденушілерге ақыл-кеңесін берген алматылық көрнекті ғалымдар, академиктер С.Зиманов, С.Кеңесбаев, Ғылым академиясының корреспондент-мүшелері Л.И.Клишнев, М.Балақов, ғылым докторлары, профессорлар Қ.Бержанов, М.Құдайқұлов, Д.Тұрсынов, Х.Арғынов, Б.Кенжебаев, Т.Елеуов, Қ.Абишев, М.Томанов, ғылым кандидаттары (кейін бірқатары ғылым докторы, профессор болды) Х.М.Әділгереев, С.П.Жеребяттов, Т.Авардовская, И.Л.Әжіғалиев, Л.Д.Шеляховская, Бақшилов және т.б. шақырылды. Олар әр жылдарда Гурьев пединститутында болып, оқытушыларға нақты көмек берді, студенттер мен профессор-оқытушыларға дәріс оқып, институттың жас мұғалімдері мен аспиранттарына ғылыми жетекшілік етті.

1962 жылдан бастап, институтта оқытушылардың ғылыми конференцияларын өткізу дәстүрге айналды, ал студенттердің ғылыми қоғамын ұйымдастыру студенттердің жылма-жылғы ғылыми конференциясын өткізуге негіз қалады. Ғылыми жұмыспен айналысып жүрген оқытушыларға көмектесу мақсатында Қазақ КСР Жоғары білім министрлігінен кандидаттық минимум көлемінде емтихан қабылдау үшін философиядан, педагогикадан, қазақ және орыс тілдері мен қазақ әдебиетінен институтқа көшпелі комиссия шақыру іске асырылды.

С.Т.Қожабаев басқарған жылдары институттың оқу-материалдық базасының нығаюына, құрылыстың дамуына, оқу-құралдарымен толықтыру, оқытушылардың ғылыми әлеуетінің артуымен және оқу үрдісінің жетілуімен қатар студенттер ұйымдарының қызметіне, студенттердің өзін-өзі басқаруға, еңбек тәрбиесіне, көркем өнердің дамуына ерекше мән берілді. Садырбай Тоқманұлы институт қабырғасында құрылған алғашқы студенттердің құрылыс отрядына ерекше қамқорлық көрсетті. Ерен еңбектері үшін студенттердің құрылыс отряды 1963 жылы БЛЖО Орталық Комитетінің жеті жылдықтағы комсомолдың еңбек істері кітабына енгізілді. Бұл жетістіктер институт басшылығының еңбекті дұрыс ұйымдастыруының нәтижесі болатын.

1969 жылдан бастап С.Қожабаев Целиноград педагогика институтының СОКП тарихы және ғылыми коммунизм кафедрасында доценттік ғылыми атағымен қызмет атқарды. Тарихшы-ғалым 15-тен астам ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы. С.Қожабаев қай кезеңде де болмасын туған елінің өркендеуі мен гүлденуіне аянбай тер төгіп, елдің ертеңі үшін адал қызмет еткен абзал азамат деп білеміз. Қорыта келгенде университет тарихында өзіндік қайталанбас қолтаңбасы бар С.Т.Қожабаевтың өмірі мен елі үшін атқарған әлпешуіс еңбек жолы жас ұрпаққа үлгі-өнеге болып қала бермек.

Аққали АХМЕТ,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор

4 Ғылым

Сәуір, 2021 жыл

12 сәуір - ҚР ғылым саласы қызметкерлерінің күні. Мереке 2011 жылы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен бекітілді. Биыл атаулы мерекенің мерейлі он жылдығы тойланады. Осы орайда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің де ғылым саласының дамуына қосып жатқан үлесі зор. Университетіміздің ғылыми-зерттеу әлеуетін жұмылдыру мен зерттеу жұмыстарын халықаралық деңгейге көтеру, сонымен қатар оның тәжірибе жүзінде жүзеге асуын қамтамасыз ету барысында Ғылым департаменті қызмет атқарады. Осы тақырып төңірегінде толығырақ Халықаралық байланыс және ғылым жөніндегі проректор Дидар Ғалымұлы Батрышевпен сұхбаттасқан болатынбыз.

УНИВЕРСИТЕТІМІЗ ҒЫЛЫМИМЕТРИКАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕС КЕЛЕДІ

– Дидар Ғалымұлы, қазіргі таңда университетімізде ғылыми бағытта қандай жұмыстар жүзеге асырылуда? Тольғырақ тоқталып өтсеңіз.

– Ғылыми-зерттеу қызметі университеттің миссиясын іске асырудағы стратегиялық бағыттардың бірі болып табылады. 70 жылдық тарихы бар Атырау университетінде физика, математика, филология, тарих, педагогика және т.б. ғылымдар саласында ғылыми бағыттар мен мектептер қалыптасты.

Университет ғалымдары ғылыми-зерттеу қызметі бағыттарының кең ауқымын қамтиды. Университеттің ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі бағыттары Атырау облысы мен Қазақстан Республикасы дамуының басым бағыттарының арнасында жатыр. Университеттің ғылыми қызметі ғылымды дамытудың келесі басымдықтары бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулер аясында ғылыми-зерттеу жұмыстарын (ҒЗЖ) орындауға бағытталған:

– Табиғи ресурстарды, оның ішінде су ресурстарын, геологияны, өңдеуді, жаңа материалдар мен технологияларды, қауіпсіз өнімдер мен құрылымдарды ұтымды пайдалану;

– «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдағы білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер);

– Жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер;

– Гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулер;

– Білім және ғылым саласындағы зерттеулер;

– Су ресурстарын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, экологияны ұтымды пайдалану;

– Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс.

Ғылыми-инновациялық қызметті қаржыландыру түрлі көздерден қаражат тарту негізінде жүзеге асырылады. Атап айтқанда, университеттің меншікті қаражаты, республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарына сырттан тапсырыс берушілердің қаражаты пайдаланылады.

2020 жылы ҚР БҒМ тапсырысы бойынша іске асырылатын ғылыми ГҰ жобалардың саны – 6, оның ішінде 2018–2020 жж. мерзімімен 2 ГҰ жоба және 2020–2021 жж. мерзімімен 4 ГҰ жоба, сондай-ақ университеттің тапсырысы бойынша 5 ГҰ жоба, бөгде ұйымдармен – 3.

Соңғы жылдары ғылыми-зерттеу жобаларымыздың көлемінің өсімі байқалады. ҚР БҒМ арқылы қолданбалы және іргелі ғылыми зерттеулерді орындауға бағытталған университеттегі ҒЗЖ қаржыландыру көлемі 2019 жылмен салыстырғанда, 12 айға ұтып алынған 4 жаңа ГҰ жобалары есебінен, 2020 жылы 2 есе өсті. Қазіргі таңда университет ғалымдары жобалары БҒМ және басқа да мекемелердің байқауларына белсенді ұсынууда.

2018–2020 және 2020–2021 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру аясында Университет есепті кезеңде 6 жобаны орындады.

– Жалпы университеттің халықаралық деңгейдегі жобаларға араласуда үлес салмағы қанша?

– Қазіргі кезеңде халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетті жоғары оқу орнына айналу үшін ғылыми-инновациялық даму бағытын алға қойып отырмыз. Ғылыми-зерттеу қызметінің дамуы аясында Атырау университеті Ресей, Иран, Әзірбайжан, Канада, Ұлыбритания университеттері мен ғылыми-зерттеу ұйымдарымен тығыз ынтымақтастық жасайды. Біздің бірлескен ғылыми жобаларымыз: филология, педагогика, ауыл шаруашылығы, экология, тарих, әлеуметтану, журналистика, биология, топырақтану, химия және спорт бағыттары бойынша жүргізіледі. Жобаларды гранттық қаржыландыру аясында шетелдік серіктестермен ғылыми жұмыстар жүргізілуде. Халықаралық Erasmus+ бағдарламасы бойынша жобалар атқарылып жатыр. Қазіргі таңда ERASMUS+ бағдарламасы бойынша «Орталық Азия/TRIGGER түлектерінің жұмысқа орналастыру мүмкіндігін жақсарту үшін жағдай жасау негізінде инновациялық тәсілдерді, кәсіпкерлік дағдылар мен нұсқауларды бастамашылық ету және енгізу» халықаралық жобасы бастау алды. Осы жоба аясында Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан және ЕО (Словения) университеттерімен бірлесіп, жұмысқа орналастыру көрсеткіштерін жақсарту бойынша білім беру платформасын енгізу жоспарлануда. Сонымен қатар Simon Fraser University канадалық университеті профессор Роберт Уиллиамсон (Williamson R. L.) жетекшілігімен «Инклюзивті білім беру» халықаралық ғылыми жобасы ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім беру мәселелерін шешуге бағытталған. Атырау университеті коллаборатор рөлін атқарады. Жобаға Қазақстан, Канада және Иорданияның үкіметтік емес ұйымдары тартылады. Канада тарапынан берілген өтінімді мақұлданды, енді қаржыландыруды күтудеміз.

– Сіздің ойыңызша еліміздің аумағында ғылыми бетбұрыстар оң ілгерушілік танытып келе ме? Қандай кемшіл тұстары бар?

– Әрине, оң өзгерістер мен мүмкіндіктер өте көп. Әр ғалымның тың идеялары болса мемлекет тарапынан қолдау алатыны сөзсіз. Мысалы, ғылымды қаржыландыру үлесі 2025 жылға қарай ЖІӨ-нің 1% – ына жетеді. Бұл үлкен қаржы болғандықтан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Қаржыландырудың жыл сайын

өсуінің арқасында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру конкурстарының өткізу саны артты. 2020 жылы 5 гранттық конкурс өтті, бұл алдыңғы жылдармен салыстырғанда отандық ғылым үшін үлкен өзгерістер. Кейіннен бұл жұмыстарды ҚР БҒМ Ғылым комитеті жалғастыратын болады. Осы өзгерістердің арқасында 2020 жылы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті қосымша 4 гранттық қаржыландыру жобасын жеңіп алды. Қазіргі таңда ғылымды қолдау және материалдық-техникалық базаны дамыту үшін еліміздің бәсекеге қабілетті 20 жоғары оқу орнының базасында академиялық басымдық орталықтарын құру бойынша Үкімет деңгейінде Nur Otan партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауды бағдарламасының Жол картасы іске асырылуда. Бұл бағыт бойынша да біздің Университет белсенді ат салысуда.

Кемшіл тұстары аз деп есептеймін, себебі бүгінгі таңда біз ғылымдағы көптеген өзгерістерді көріп отырмыз – бұл «Ғылым туралы» Заңдағы жаңа өзгертулер, іс жүзінде қаржылық және бөлу процестерін реттейтін барлық нормативтік базаларда ғылыми өлшемдерге (конкурстар, сыйақылар, стипендиялар, ҰҒК және секцияларды қалыптастыру және т.б.) негізделген нақты критерийлер енгізілді. Барлық осы өзгерістер ғылымды басқарудың барлық рәсімдерінің маңыздылығы мен ашықтығын жақсарту және оның әлеуетін арттыру процестеріне қатысты. Сонымен қатар, кейбір шешілмеген мәселелер әлі күнге дейін күн тәртібінде тұрғанын атап өткім келеді – бұл жер қойнауын пайдаланушылардың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТҚЖ) шығындарының 1% – ын бөлу, ғылыми жобаларды сараптау рәсімін одан әрі жетілдіру. Бүгін осы мәселелер бойынша ғылыми қоғамдастықтың қатысуымен үлкен тыңдаулар өтуде, біз тез және дұрыс шешім қабылданады деген үміттеміз. Өйткені, өңірлік университет үшін жергілікті ірі компаниялардың көмегі облыс және жалпы ел үшін сұранысқа ие кадрларды дамыту мен даярлауда маңызды рөл атқарады.

– Студенттердің ғылыми бағытта жұмыс атқаруға қызығушылығы байқалады ма. Қандай бағыттарда басымдық танытады?

– Университет білім алушылары жыл сайын республикалық ғылыми жұмыстар байқаулары, олимпиадалар, халықаралық конференцияларға қатысады. Республикалық студенттік ғылыми конкурстардың жеңімпаздар саны 2019 жылы – 42 болса, 2020 жылы – 72. Яғни, есепті кезеңде жеңімпаздар саны алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 1,5 есе өсті.

Өңірде инновациялық идеялар мен стартаптарды қолдау шеңберінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің I-Space Бизнес-инкубаторы базасында студенттер мен жас қызметкерлердің стартап жобаларын қаржыландыруға университетішілік конкурс іске қосылды. Конкурс өткізу рәсімін, стартап жобаларды іске асыру және есеп беру тәртібін айқындайтын университетішілік конкурс туралы тиісті Ереже әзірленді. Стартаптарды іске асыруға гранттар конкурстық негізде бөлінеді және мынадай санаттарға жіктеледі: 200 мың теңгеге дейінгі сомаға шағын гранттар, 500 мың теңгеге дейінгі орташа гранттар, 1 млн. теңгеге дейінгі ірі гранттар. Университетішілік конкурстың ашықтығы мен айқындығы үшін әзірленген Ережеге сәйкес өтіп, төрешілер алқасы Тәуелсіз сарапшылары, атап айтқанда Атырау облысының «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының, Атырау облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының өкілдері, сондай-ақ табысты кәсіпкерлер мен өңір кәсіпкерлері қатарынан құрылды. Осылайша, 2020 жылдың 14 қазанында студенттер мен жас қызметкерлерге арналған «Startup-2020» бизнес жобалар конкурсы өтті. «Startup-2020» бағдарламасының нәтижесінде қаржыландыру 5 жоба алған болатын:

1. «Samga Online Academy» SMM және Бизнес мектебі;
2. «YouTubers» – Youtube платформасы;
3. Этно киімдер дизайны. Өнер мектебі. Жас дизайнерлер мектебі;
4. Жан-жануарларға жан-жақты жәрдем;
5. «New Life» консалтингтік орталық.

5 стартап жобаны қаржыландырудың жалпы сомасы 2 млн теңгені құрайды.

– Осы уақыт аралығында қанша ғылыми жобаларды гранттық қажыландыру конкурсы өтті? Жобалардың жүзеге асу нәтижесін қалай бағалауға болады?

– Жалпы, өткізілген жұмыстарды оң бағалаймын. Атап айтқандай, өткен жылы біз 4 гранттық жобаны жеңіп алдық, бұл алдағы жылдармен салыстырғанда 2 есеге артты. Атап айтқанда ғылымдар салыстырғанда 2 есеге артты. Атап айтқанда ғылымдар салыстырғанда 2 есеге артты. Атап айтқанда ғылымдар салыстырғанда 2 есеге артты. Атап айтқанда ғылымдар салыстырғанда 2 есеге артты.

2020 жылы Университеттен ГҰ конкурстарына 25 өтінім берілді, оның ішінде: 4 жоба – 2020–2022 жылдарға арналған конкурс (27 ай), 10 жоба – 2020–2021 жылдарға арналған конкурс (12 ай), 1 жоба – 2021–2023 жылдарға арналған жас ғалымдарға арналған конкурс, 3 жоба – 2021–2023 жылдарға арналған конкурс және 7 жоба – 2021 жылға арналған конкурс (12 ай). 2020

жылмен салыстырғанда мемлекеттік қаржы конкурстарына берілген жобаларды қаржыландырудың сұратылған сомасы 2,5 есе өсті.

2020 жылдың соңында жарияланған 5 байқаудың 3-і аяқталды. Аяқталған конкурстардың қорытындылары бойынша ҰҒК шешімімен 4 жоба жалпы сомасы 19 747 822,30 теңгеге қаржыландыруға мақұлданды. Бүгінгі күні 1 конкурс – 2021 жылға (12 ай) аяқталмаған болып қалады.

Осылайша, берілген 25 өтінімнің ішінде: 4 – ресми тексеруден өтпеген және 5 – ҰМҒТСО сарапшыларының шекті балын жинай алмаған (тиімсіз өтінімдер); 4 – ҰМҒТСО сараптама-сына берілген және 12 – ҰҒК қарауына берілген, оның ішінде 4-і мақұлданған (тиімді өтінімдер). Осылайша 4 жоба шешімін күтуде – ҰМҒТСО сараптамасында.

– Елімізде Ғылым туралы заң қабылданды, ғылымды басқарудың жаңа үлгісі мен қаржыландырудың жаңа тетіктері пайда болды. Бұл бағытта университетімізде ғылыми жетістіктерді бағындыру сатысы қаншалықты көрінеді?

– Шыныменде, мен жоғарыда атап өткендей, өткен жылы көптеген өзгерістер болды. Бұл негізінен ғылымның қаржылық және тарту процестерін реттейтін нормативтік базадағы өзгерістерге қатысты болды. Мысалы, «2020 жылдың үздік оқытушысы» республикалық байқауы ғылымметрикалық көрсеткіштерге негізделген ғылыми талаптарға сай жаңа форматта өтті. Университет ғылыми қызметін үнемі жетілдіріп отырудың арқасында, «2020 жылдың үздік оқытушысы» байқауында 5 оқытушы жеңімпаз атанды – бұл еліміздің басқа ЖОО арасындағы профессор-оқытушылар құрамының өте жақсы көрсеткіші.

Егер ғылыми гранттарға арналған конкурстық құжаттаманы және ҰМҒТСО мен ҰҒК сарапшыларына қойылатын талаптарды қарастыратын болсақ, онда да ғылыми жұмыстардың сапасы мен олардың біліктілігін арттыру үшін күшейту бағытында да үлкен өзгерістер болды. Жалпы, мен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің жаңа ғылымметрикалық стандарттарға сәйкес келетін жақсы көрсеткіштері бар деп санаймын. Мұның бір дәлелі – біздің университет Clarivate Analytics халықаралық компаниясының «Ғылым көшбасшысы 2020: үздік аймақтық университет» номинациясы марапатын иеленді. Бірақ біз мұнымен тоқтап қалмай, өз құзыретіміз бен білімімізді одан әрі дамыта түсеміз. Сонымен, 2021 жылы біз Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті белгілеген ғылыми басшыларға қойылатын жаңа талаптарды орындау бойынша жұмысты бастадық. Маңызды талаптардың бірі – ғылыми мақалаларға екі жақты соқыр (жарынқы) пікірлер жүргізу. Бұл ғылыми әлемдегі көп айтылатын ғылыми этика ережелерін сақтаудың өте маңызды элементі болып табылады.

– Университет қызметкерлері мен студенттерінің ғылыми бағыттағы потенциалын жоғарылату және дамытудың қандай тиімді әдістерін айтар едіңіз?

– Университет ПОҚ ғылыми белсенділігін арттыру мақсатында ынталандыру шаралары бар. Қысқаша тоқталатын болсақ, олар:

1. Жоғарыда айтылған ғылыми және стартап жобаларға арналған университетішілік конкурстар туралы ережелер;
2. Х.Досмұхамедов Атырау университетінің профессорлық-оқытушылар құрамы, кафедралары мен факультеттері қызметкерлерін ғылыми, білім беру және әлеуметтік-тәрбиелік қызметтегі стратегиялық міндеттерді орындауға ынталандыру туралы КРІ ережесі;
3. Scopus және Web of Science базасының жоғары деңгейлі журналдарында университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің өз ғылыми еңбектерін университетіміздің атауымен жариялаған үшін марапаттау туралы ереже;
4. Еріктілер мен тілтамашылар тобы ұйымдастырған студенттер мен профессор-оқытушылар құрамына арналған шет тілдерінде ақсөзсіз оқыту бағдарламасы бойынша арнайы тілдік курстар;
5. Студенттерге арналған шетелдік университеттерде оқуға мүмкіндік беретін «виртуалды» академиялық ұтқырлық бағдарламасы;
6. Жас ғылым докторларының ғылыми жұмыстарын қолдау шеңберінде жүзеге асырылатын жас ғалымдарға арналған докторантурадан кейінгі (постдокторлық зерттеулер) бағдарлама;

Біздің қызметкерлер мен студенттердің ғылыми әлеуетін дамыту және жетілдіру үшін олардың тек университет бағдарламалары мен жобаларына ғана емес, сонымен қатар республикалық және халықаралық бағдарламаларға белсенді қатысуы маңызды. Бұл өз кезегінде біздің университет пен ғалымдар мүдделі тараптар арасында аймақтық, республикалық және халықаралық деңгейлерде танылуын арттырады.

– Мазмұнды сұхбат бергеніңіз үшін рахмет. Еңбегіңізге табыс, жұмысыңызға өркендеу тілейміз.

А. МУТИЕВА




ҒЫЛЫМИ ЖЕТІСТІКТЕРМЕН - КЕМЕЛ КЕЛЕШЕККЕ

«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ – халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетті мамандарды даярлайтын, білім беру жүйесінде бірегей тарихы мен бай тәжірибесі бар Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының бірі.

Өзінің 70 жылдан астам тарихында университет 1950 жылы Мұғалімдер институтынан басталып, «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК дейін үлкен академиялық жолдан өтті.


2020 жылдың маусым айында «Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жоғары оқу орындарының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 қазандағы N 752 Қаулысына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 02.06.2020 жылғы N 344 бұйрығына сәйкес «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ болып қайта құрылды.

Бүгінгі таңда оқу ордасында ғылым саласындағы қол жеткізген жетістіктер мен атқарылған жұмыстар аз емес. Жыл сайын бекітілген жоспар бойынша тиісті әрекеттер орындалып, жемісті нәтижелерін көрсетуде. Статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, өткен жылдардағы ғылым саласындағы елеулі өзгерістерге назар аударайық.




Университеттің ПОҚ штаттық саны


2020 жылы Университеттің ПОҚ штаттық саны 434 адамды құрады. Оның ішінде ғылыми дәрежесі бар ПОҚ 143 адам, яғни, жалпы дәрежелілік үлесі – 33% –ға сәйкес келеді. 2019 жылмен салыстырғанда (30,1%), 2020 жылы 2,9% – ға ұлғаю байқалады. Бұл өсім Университетте штаттық бірліктерді оңтайландыру және ғылыми дәрежесіз ПОҚ-ның зейнетке шығу рәсімін өткізумен байланысты. Ғылыми дәрежесі бар ПОҚ штатының нақты өсімі 2020 жылы 1 адамды құрап отыр (2019ж. ғылыми дәрежесі бар 142 адам).



Ғылыми дәрежесі бар және ғылыми дәрежесі жоқ ПОҚ-ның пайыздық үлесі




Университет ПОҚ-ын халықаралық ғылыми ортаға интеграциялау, сондай-ақ университеттің халықаралық рейтингтерге (QS EESA, Webometrix, UI Greenmetric және т.б.) кіруі мен ілгерілеуі үшін Университет ПОҚ-ның халықаралық дерекқорларда болуы қажет. Ғылым департаменті Science Safe жобасының аясында ПОҚ үшін оларды осы базаларда тіркеу бойынша, оның ішінде осы базалармен (Scopus, Web of science және т.б.) жұмысты игеру үшін оқыту семинарларын ұйымдастырады.



ҒЗЖ қаржыландыру сомасы

2020 жылы ҚР БҒМ тапсырысы бойынша іске асырылатын ғылыми ГҒҚ жобалардың саны – 6, оның ішінде 2018–2020 жж. мерзімімен 2 ГҒҚ жоба және 2020–2021 жж. мерзімімен 4 ГҒҚ жоба, сондай-ақ университеттің тапсырысы бойынша 5 ГҒҚ жоба, бөгде ұйымдармен – 3.



Есептеуде Web of science Core Collection және Scopus басылымдарының барлығы ескерілген. Осылайша, «70 қадам» жол картасына сәйкес 2020 жылы Scopus және Web of Science базалары журналдарында 70 ғылыми жұмыс жариялау міндеті нақты орындалды.

Organization Name	Rank	Web of Science Documents
X Zhubanov Aktobe State University	31	109
X Kh.Dosmukhamedov Atyrau University	33	107
X West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University	39	84
X Yessenov University	42	68
X Baishiev University Aktobe	54	52
X West Kazakhstan Agrarian Technology University	54	52
X Kazakh-Russian International University	56	51
X Utemisov West Kazakhstan State University	79	20
X Safi Utebayev Atyrau Oil & Gas University	106	4
X Kainar University	115	2

Web of science базасындағы жарияланымдар саны бойынша батыс өңіріндегі 10 ЖОО рейтингі, сол жақта – соңғы 5 жылдағы деректер (2016–2020жж.) және оң жақта – барлық кезеңдегі деректер (1980–2020жж.)

2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАР

- **Докторантураның ашылуы:** педагогикалық және гуманитарлық бағыттар бойынша (2021 жылы 3 ББ).
 - **Дарынды жас ғалымдарды постдокторантура бағдарламасына тарту:**
 - барлық бағыттар бойынша (2021 ж. 3 адам);
 - ЖҒК жұмысын жандандыру.

- **Ғылыми әлеуетті нығайту:**
 - мемлекеттік тапсырыс, шаруашылық келісімшарт және меншікті қаражат есебінен қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жобаларына тартылған ПОҚ мен білім алушылардың үлесін арттыру (2021 ж. ПОҚ-ның 10%, 2025 ж. білім алушылардың 1%);
 - әлемдік жетекші орталықтарға ғылыми тағылымдамалар (2021 ж. ПОҚ 8% - ы);
 - инклюзивті білім беру саласындағы зерттеулер.

- **Тұрақты ғылыми мектептерді қалыптастыру:**
 - «28 кафедра – 28 ғылыми мектеп» жобасы (2021 ж. іске қосылды).

- **Интернационалдандыру:**
 - өңірлік және халықаралық контекстте ескере отырып, бірлескен ББ іске асыру (2021 ж. 4 қос дипломды ББ);
 - студенттердің виртуалды академиялық ұтқырлығы (2020–2021 оқу жылында 70 студент);
 - Университеттің шетелдік серіктес университеттеріндегі виртуалды орталықтары (2022 ж. іске қосылды);
 - шет тілдерін меңгерген кадрларды даярлау (2021 ж. халықаралық сертификаттармен 5% ПОҚ).

- **ЖОО-ның ғылыми қызметтен, инновациялық әзірлемелерден және коммерцияландырылған жобалардан кірісін ұлғайту (2021 жылы 1% - ға дейін немесе 2023 жылы 2,5% - ға дейін):**

- ҚР министрліктерінің ғылыми жобалары мен бағдарламалары конкурсына өтінімдердің сандық және сапалық контентін ұлғайту;
- қазақстандық және шетелдік әріптестермен бірлескен ғылыми жобаларды іске асыру;
- жаңа ғылыми жабдықтар сатып алу;
- аккредиттеу саласын кеңейту және лицензиялар алу;
- ҒЗТКЖ-ны жүзеге асыру үшін өндіруге арналған шығыстардың 1% - ын бөлу міндеттемелері бойынша жер қойнауын пайдаланушыларды тарту.

- **Университет ПОҚ (ғалымдарының) орташа жалақысын көтеру және ғалым мәртебесін көтеру:**
 - ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыруға арналған университетшілік конкурсты іске асыру;
 - ғылымиметрикалық көрсеткіштері жоғары Scopus және WoS базалары журналдарында жариялымдары үшін көтермелеу жүйесін іске асыру;
 - студенттер мен жас қызметкерлердің университетшілік стартап жобалар конкурсын іске асыру;
 - атқаратын лауазымдарына сәйкес ПОҚ-ның жеке жетістіктерін ескере отырып, кадрларды бағалау критерийлерін жетілдіру (KPI);
 - кафедра меңгерушілері, факультет декандары мен декан орынбасарлары үшін KPI жүйесін іске қосу.

- **Халықаралық қауымдастыққа интеграциялану:**
 - бірлескен зерттеулер жүргізу, оның ішінде ПОҚ-ның халықаралық зерттеу жобаларына қатысуы (2021 ж. ПОҚ-ның 4% - ы).
 - БҒССҚК (КОКСОН) тізбесіне, шетелдік базаларға (РҒДИ, Scopus және WoS) қосу үшін «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің хабаршысы» ғылыми журналын ілгерілету;
 - QS EESA рейтингісіне қатысу (2022 ж. топ 200).

Исатай Тайманұлының туғанына 230 жыл

Биыл ҚР Тәуелсіз ел болып жарияланғанына 30 жыл және қазақ халқының ұлттық батыры Исатай Тайманұлының туғанына 230 жыл толып отыр. 1836-1838 жылдары Бөкей ордасы мен Кіші жүздің батыс бөлігін қамтыған Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтеріліс 2 кезеңнен тұрады. I кезең – 1836 жылдың наурыз айында басталып, 1837 жылы 15 қарашада Тастөбе шайқасымен аяқталады. Бұл европалық кезең, II кезең – 1838 жылдың алғашқы 6 айын қамтиды. Бұл көтерілістің азиялық кезеңі. Осы мақалада көтерілістің II кезеңі туралы айтылады.



ИСАТАЙ-МАХАМБЕТ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІСТІҢ II КЕЗЕҢІ. АҚБҰЛАҚ ҚЫРҒЫНЫ.

Исатай мен Махамбет бастаған шағын отряд 1837 жылдың 13 желтоқсаны күні таңда көз көрмес қарлы боранды пайдаланып, Жаманқала бекінісіне жақын жерде Жайық өзенінің жаңа қатқан мұзынан Кіші жүзге өтті. Сарайшық бекінісінен сұлтан Баймағамбет Айшуақов өз адамдарымен және 80 казакпен көтерілісшілердің соңына түсті. Алайда, олар көтеріліс басшыларын тұтқындай алмады. Баймағамбет сұлтанның қолы Исатайдан ажыраған көтерілісшілердің шағын бір тобын ғана қолға түсірді. Олардың ішінде Исатайдың ұлдары – Жақия, Дінбаян, батырдың жұбайы – Несібелі, Махамбет Өтемісұлының інісі – Сүлеймен және т.б. болды. Олар Орал қаласындағы түрмеге жіберілді.

Бұл кезде Кіші жүздегі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдай шиеленісіп тұрған болатын.

1924 жылы патша өкіметі Кіші жүзді 3 бөлікке – Батыс, Орта, Шығысқа бөліп, басына билеуші сұлтандарды қойды. Олар Орынбор шекара комиссиясына және Орынбор генерал-губернаторына бағынатын болды. 1831 жылы Кіші жүздің батыс бөлігінің билеуші-сұлтаны болып сұлтан Баймағамбет Айшуақов тағайындалды. Сол жылы әкімшілік реформасы жүргізіліп, Гурьев қаласынан Звериноголов қамалына дейінгі аймақ 32 дистанцияға бөлінді. Дистанцияны старшина не сұлтан басқарып, олар билеуші-сұлтандарға бағынды. Дистанцияға бөлінген кезде бір рудың адамдары бірнеше дистанцияға бөлініп кетті. Мұның өзі қазақтардың наразылығын туғызды. Кіші жүзді дистанцияға бөлу – қазақтардың саяси дербестігін жою жолында жасалған үлкен шаралардың бірі еді.

Кіші жүз жерін отарлау барысында қазақтардың Жайық өзенінен балық аулауларына, шекараға жақындауларына тыйым салынды. Әр түрлі сылтаулармен елге әскери отрядтар шығып, «әскери іздеуде» жүрміз деп, елді талап, мал-дүниелері тартып алынатын. Мысалы, 1836 жылы желтоқсан айында Орынбор губернаторы А.Перовский Жайық орыстарынан 550 адамнан отряд ұйымдастырып, жасырын Маңғыстауға жіберді. Олар бейқам отырған қазақтарды 2 апта бойы талап, көп дүние-мүліктерін алып кетті. Бұл жағдай қазақ шаруаларының отарлаушыларға деген наразылығын күшейте түсті.

1837 жылдан бастап патша өкіметі Кіші жүз қазақтарынан түтін салығын, яғни, әр үйден 1 сом 50 тиын жинай бастады. Ақшаның болмауына байланысты оның орнына қой, бидай, тары, арпа алынды. Түтін салығын жинаушылар жиналған



қойды немесе астықты қымбатқа сатып, өздеріне үлкен пайда түсіріп отырды.

Міне, Исатай мен Махамбет батырлар Кіші жүзге өткен кезде мұндағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдай осындай еді. Осы кезде бұл аймаққа қазақтардың отарлық езгіге қарсы күресін ұйымдастыратын тәжірибелі қолбасшылар өте қажет болатын. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы дәл сондай көтеріліс басшылары еді. Олардың негізгі мақсаты – патша өкіметіне арқа сүйеген Кіші жүздің батыс бөлімінің билеуші-сұлтаны Баймағамбет Айшуақовтан халықтың кегін алу болды. Кіші жүздің батыс бөлігіндегі көтеріліс негізінен патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы бағытталды.

Исатай мен Махамбет батырлар ел арасына шығып, халықты азаттық жолындағы күреске шақырды. Халық оларды қажетті азық-түлікпен, аттармен, түйемен, киіз үйлермен қамтамасыз етіп отырды.

Кіші жүздегі азаттық жолындағы күресті кең көлемде өрістету мақсатында Исатай мен Махамбет батырлар Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсылардың бәрімен одақтасу қажет деген шешімге келді. Осы шешім негізінде олар Хиуа ханы Маңғыстауға хан етіп дайындаған сұлтан Қайыпқали Есімовпен күш біріктірді.

Қайыпқали Есімов 1836-1837 жылдары казак-орыс әскерлерінің Маңғыстауда жасаған зорлық-зомбылық әрекеттеріне қарсы ұлт-азаттық күресті басқарған болатын. Бұл жерде Исатай Тайманұлы

Қайыпқали Есімовке хандықты әперу емес, тек өзінің қолын нығайтып, жауды бірлесіп жеңу үшін осындай келісімге келген болатын.

Қайыпқалидың, Исатай мен Махамбеттің Кіші жүздің батыс бөлігінде қазақтарды азаттық күреске шақырған жанқиярлық еңбектері өз жемісін беріп, олардың қоластына 3 мыңдай көтерілісшілер жиналды.

1838 жылдың бас кезінде К.Қасымов бастаған көтерілісшілер Кіші жүзге қарай ойысты. Оған батыр Жоламан Тіленшіұлының отрядының қосылуы – отаршылардың жағдайын мүлде қиындатты. К.Қасымұлы мен Қайыпқали Есімов – Исатай Тайманов қозғалыстары біріккен жағдайда қазақ халқының азаттық жолындағы күресі біртұтас майданға айналуы әбден мүмкін еді. Ондай жағдайда патшалық Ресейдің қазақ жерін толықтай отарлауы ұзаққа созылатын. Сондықтан да патша өкіметі Исатай Тайманұлы мен Қайыпқали Есімұлы бастаған көтерілісті тездетіп басу мәселесін күн тәртібіне қойды. Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовский полковник Геке бастаған әскер күшін және Баймағамбет Айшуақов бастаған 500 жасақты көтерілісті басып, оның басшыларын тұтқындау мақсатында әскери экспедиция ұйымдастырды. 500 адамнан құралған Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтерілісшілер 1838 жылы 12 шілдеде күтпеген жерде Ақбұлақ өзені жағасында Геке әскерімен кездесіп қалды. Әскер күші жағынан тең емес осы шайқаста Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтерілісшілер асқан ерлік көрсетті. Алайда, мұнда да Тастөбедегі сияқты ұрыс тағдырын зеңбіректер шешті. Зеңбірек оғы түскен жерлерде талай сарбаздар қаза тапты. Исатайдың атына оқ тиіп, ол казактармен жаяу шайқасты. Ақбұлақ өзені жағасындағы осы кескілескен ұрыста көтеріліс басшысы Исатай Тайманұлы қаза тауып, оның денесі сол аумақтағы «Шейітсайға» жерленді. «Ол өзінің қайсар ержүректілігінің құрбаны болды, – деп жазды полковник Геке, – оны тірідей қолға түсіре алмағанымызға өкінемін»

Исатай Тайманұлы қаза тапқаннан кейін көтеріліс одан әрі дамымай, сарбаздар жан-жаққа бытырап кетті.

Көтеріліс жеңілгеннен кейін елде қатаң жазалау шаралары жүрді. Көптеген адамдарға өлімші етіп дүре соғылды, мал-мүлкі тәркіленді. Көтеріліске белсене қатынасқандардың бірқатары Сібірге біржола жер аударылды.

Көтерілісті басуда ерекше көзге түскендерге офицерлік шен, ақшалай,

заттай қымбат бұйымдар берілді.

Көтерілістің жеңіліске ұшырауының негізгі себептері: оларға хан мен сұлтандар, патша өкіметінің жақсы қаруланған, арнайы дайындықтан өткен әскерлері қарсы тұрды. Көтерілісшілердің қару-жарақтары мейлінше нашар болды. Көтеріліске тек шаруалар ғана емес, сонымен бірге би, старшындар да қатынасты және олардың әрқайсысының көздеген мақсаттары әр түрлі болды. Көтерілісшілер Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалыспен, Жоламан Тіленшіұлы басқарған жасақпен және басқа да патша өкіметінің отарлық езгісіне қарсы күштермен бірге алмады.

Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтерілістің зор тарихи маңызы болды. Көтеріліс жеңілгеніне аумамастан Қазақстанның батыс аймағында отаршылдық озбырлық пен феодалдық езгіге, әлеуметтік теңсіздікке қарсы күрес туын жаңа сатыға көтеріп, бұқараның сана сезімінің оянуына үлкен ықпал жасады.

Исатай мен Махамбет батырлар бастаған көтеріліс 1837-1847 жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліске, сол сияқты 1869-1870 жылдардағы Орал, Торғай облыстары мен Маңғыстаудағы ұлт-азаттық көтерілістерге әсерін тигізді. Бұл көтеріліс XIX ғасырдың I-жартысындағы Қазақстан тарихына ұмытылмайтын оқиға болып енді.

Қара халықтың қамы үшін қол бастап, қанды шайқасқа түсіп, қазақ халқының бостандығын көздеп, сол жолда құрбан болған Исатай мен Махамбет батырлар қазақ халқының зор мақтанышы. Сондықтан да қазақ халқы оларды ұмытпай, есте ұстайды. Атырау облысында олардың есімдерімен елді мекен, аудан, мектептер, көшелер аталады. Исатай мен Махамбет батырларға бірнеше ескерткіштер тұрғызылған. Исатай Тайманұлы жерленген Шейітсайда (Ақтөбе облысы, Қобда ауданы), Махамбет Өтемісұлы жерленген Қараойда (Атырау облысы, Индер ауданы) биік кесенелер тұрғызылды.

2003 жылы ЮНЕСКО аясында жауынгер ақын Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығы халықаралық дәрежеде кеңінен атап өтілді.

Осылардың бәрі бүгінгі ұрпақтың батыр бабалар ерлігін мәңгі есте сақтайтындығының белгісі.

Аманкелді ШАМҒОНОВ,
тарихшы, Исатайтанушы,
ҚР ғылымын дамытуға
сіңірген еңбегі үшін
төсбелгісінің иегері



Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРА ШАҢЫРАҚ - ҒЫЛЫМНЫҢ ҒАЛАМЫ

Елімізде қазіргі таңда болып жатқан өзгерістерге байланысты мемлекетіміздің білім беру стратегиясының мақсаты – шығармашылық деңгейі жоғары, іс-әрекеттің сан түрлі саласында өз білімі мен іскерлігін қолдана алуға қабілетті, ой ұшқырлығы мен ізденімпаздық іс-әрекеті қалыптасқан, білімі мен біліктерін өмірдің өзгермелі жағдайына қарай оңтайлы пайдалана алатын, өзін-өзі басқара алатын, танымдық дербестігі жоғары деңгейдегі тұлға тәрбиелеу болып табылады. Осы орайда, жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, шебер, бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің бүкіл қызметін осы бағытқа қарай бұруы заңды құбылыс, себебі, қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына деген талаптың жоғарылауына байланысты өзінің жетік білетін, кәсіби құзыретті мамандарды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім Туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі: жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндігін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту», – деп атап көрсетілген.

«Қазақстан-2050» Стратегиясында «...Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жақбықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуы тиіс. Орта және жоғары білім берудің оқу жоспарларының бағыттылығы мен басымдықтары оларға тәжірибелік машықтарға үйрету бойынша және тәжірибелік біліктілікке ие болу бағдарламаларын қосып, өзгертуі», – деп ерекше атап өтіледі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларының тұжырымдаларының барлығында дерлік сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы білімнің әлемдік бәсекеге қабілеттілігін жетілдіру адами капиталды дамыту мәселесі көзделген. Қазіргі таңда адами капитал дегеніміз – адамның бойындағы білімі, қабілеті, тәжірибесі, даналығы, іскерлігі, бүгінгі бәсекелестік замандағы оның адамдық, кәсіби құндылығы екендігі белгілі.

Оған дәлел, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында «...кез келген мемлекет үшін адами капитал басты өлшемге айналды. Осы орайда біліктілік мәселесі айрықша маңызды ие. Әр азамат өзінің жеке жетістігі арқылы бүкіл елдің табысты болуына, өсіп-өркендеуіне үлес қосады» – дегенінің өзі осыған айқын дәлел.

Бүгінгі таңда жоғары білім берудің басты міндеттерінің бірі оқу-тәрбие жұмыстарын бірегей жүзеге асыру процесінде болашақ маманның өз мамандығының қоғамға қажеттілігін түсіну барысында өзін-өзі маман ретінде дамыта алу мүмкіндіктерін жетілдіре білу мәселесі өзектендірілуде. Болашақ маманның университет қабырғасында меңгерген білімі, іскерлік дағдысы, өзін-өзі дамытуы заман талабына қаншалықты сай келсе, соншалықты деңгейде кәсіби қызметін сәтті атқарады. Осы тұрғыда, ЖОО-да студенттерінің тәжірибелік, іскерлік қабілеттері мен дағдысы қалыптасады.

Осы мақсатта бүгінде педагогтардың кәсіби қызметтегі өзгерістерге бейімделуіне, өзін-өзі және қоршаған ортаны түсіне білу қабілетін қалыптастыруына, үнемі өз бетінше білім алуына және практикалық қызметке дайын болуына ықпал етерлік



оқыту ортасы мен қолайлы жағдайды ұйымдастыруға басты назар аударылуда. Осыған байланысты болашақ мамандар даярлауда оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту білім саласына ене бастады. Мәселен, бүгінгі таңда академиялық еркіндікті дамыту білім беру жүйесін түбегейлі өзгертті деп айтуға болады. Білім алушының таңдаған пәні бойынша, мамандығына қатысты сабақтарды меңгеруі – академиялық еркіндіктің басты қағидаты болып саналады. Элективті курстар еңбек нарығы сұраныстары негізінде оқытылады. Оқыту үдерісін жаңғырту бағыты бойынша сұранысқа ие, болашағы бар бағыттарды күшейтудің маңызы зор.

Жоғарыдағы аталған бағыттарға орай бәсекеге қабілетті маман даярлауда Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде де біраз жұмыстар жүргізілуде.

Дәл қазіргі уақытта университетімізде ғылыми кітапхана ғылым күніне қарсы күрделі жөндеуден өтіп, қолданысқа қайта берілді. Сондай-ақ қашықтық режимінде оқырмандарға онлайн қызмет көрсетуде. Ғылыми кітапхана қорының Гуманитарлық бөлімінде қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық жобасы аясында аударылған тарих, саясаттану, социология, философия, психология, мәдениеттану, дінтану, лингвистика, медиа, экономика т.б., ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық оқулықтармен толығу үстінде. Әлемдегі ғылыми мәні жоғары оқулықтардың өзге тілден тікелей қазақ тіліне аударылуы бәсекеге қабілетті маман дайындауда маңызды зор деп санаймын. Қазіргі таңда жастар кітапханаға бармайды дейтін пікірлер жиі айтылып жатады. Керісінше, жастардың кітап оқуға деген қызығушылықтары жоғары деп айта аламын. Өйткені, студенттердің оқу үдерісінде аударылған оқулықтар бойынша ой-пікірлері мені қуантады.

Сонымен қатар қазіргі таңда студенттердің ғылым, білімге деген қызығушылығын арттыру мен жан-жақты дамыған маман дайындауда онлайн оқытудың тиімді тұстарын қолданып, еліміздің ұлттық оқу орындары мен басқа да шетелдік жоғары оқу орындарының танымал профессор-оқытушыларымен келіссөздер жүргізе отырып, онлайн қонақ дәріс, вебинарлар жоспарланып өткізілуде. Бұл жоғары оқу орындарының арасындағы әріптестік қарым-қатынасты жақсартудың жолдарымен қатар озық тәжірибелерді таратуда оң әсерін беруде.

Оқу ордамызда ғылыми бағытта түрлі жобалар мен қатар жас ғалымдарға университетішілік арнайы жобалардың бөлінуі жас ғалымдардың өз салалары бойынша тың идеяларын жүзеге асыруға мол мүмкіндік беруде. Біздің білім мен тәжірибеміз жаңа әлемдік үрдістер арнасында Қазақстандық білім берудің барлық жүйесін дамытуға көмектеседі деп үміттенеміз. Біз бұл әлемді бірге жасаймыз.

Қазаның ортаймасын, қара шаңырақ!

**Карас КАЗИЕВ,
PhD докторы,
қауымдастырылған
профессор м.а.**

ЗАҢ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ

Заңгер – қазіргі таңда еліміздегі ең танымал мамандықтардың бірі, себебі қоғамдағы заң ғылымының рөлі мен маңызы үнемі артып келеді. Заңгерлерге азаматтардың өмірін, ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау жүктелген, мемлекеттік және экономикалық механизмнің барлық буындарының тиімді жұмысы да соларға байланысты.

Қоғамдық және мемлекеттік қызметті жақсы дайындалған кадрлармен, бірінші кезекте құқықтық салада қажетті білімі бар кадрлармен қамтамасыз еткісі келмейтін ел жоқ. Кәсіби заңгерлік білім өзінің кәсіби қызметін құқықтық салада жүзеге асыратын маманға да, кең профильдегі басшыға да, кәсіпкерге де қажет, өйткені құқықтық мемлекеттегі барлық қызмет түрлері құқықтық нысанда жүзеге асырылады.

Еліміздің заң қауымдастығы әр түрлі салалардағы заң мамандықтарының өкілдерін біріктіреді. Бұл әділет органдарының, прокуратураның қызметкерлері, сот жүйесінің өкілдері, полиция қызметкерлері, адвокаттар, нотариустар, мемлекеттік органдар мен коммерциялық ұйымдардың заңгерлері, заң факультеттерінің студенттері.

Жоғарыда аталған заңгер мамандығының сан алуан түрі мен ғылым бағыттарының ішінде қазіргі заманғы заң ғылымы маңызды гуманитарлық ғылымдардың бірі болып табылады. Барлық әлеуметтік маңызды әрекеттер құқықтық

нормалардың көмегімен реттеледі. Оларды зерттейтін заң ғылымы. Онымен байланысты білім тікелей қолданбалы мақсатқа ие. Ғалым заңгерлерсіз мемлекет пен қоғам арасындағы заңды қатынастарды елестету мүмкін емес.

Бүгінгі таңда мемлекет ғылымды дамыту үшін көп жұмыс жасап жатырғандығы сөзсіз, өйткені ол кез-келген елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуының қажетті шарттарының бірі болып табылады. Бұл жерде тек ғылымның технологиялық салаларын ғана емес, сонымен бірге заң ғылымын да айта кету қажет, өйткені бұл бүкіл заңнаманың негізі.

Қазіргі заманғы Қазақстандық жоғары білім деңгейлері (бакалавриат, магистратура және докторантура) еуропалық стандарттарға барынша сәйкес келеді. Қалыптасқан тәртіп отандық жоғары оқу орындарының студенттеріне шетелде оқуын еш қиындықсыз жалғастыруға мүмкіндік береді. Өз кезегінде еліміздің ғалымдары да шетелдік мамандармен байланыса отырып, бір жағынан тәжірибе алмасуға және жаңа білім жинауға жасасы мүмкіндік алса, екінші жағынан отандық ғалымдарға бәсекелестік туғызатындығын естен шығармауымыз қажет. Сол себепті, жоғары білім беру саласында қызмет етіп жүрген әр оқытушы PhD дәрежесін алу үшін докторантураға оқуға түсіп, оны сәтті қорғап шығуды мақсат етіп, білімін әрдайым жетілдіруге



жұмыстануы қажет. Сондай-ақ, Білім және ғылым министрлігінің және университетіміздің басшылығы тарапынан жыл сайын оқытушыларымызға магистратура мен докторантураға гранттар бөлінетіндігін ескерсек, мұндай мүмкіндіктерді барынша пайдаланған жөн.

Сөз соңында айтарым, біздің қоғамның әр мүшесінің алдына міндеттер қоятын аса жауапты кезеңде өмір сүріп жатқанымызды мойындауымыз керек. Мемлекет пен қоғам алдында тұрған міндеттерді шешуге заңгерлік қоғамдастық та, әсіресе оның ғылыми өкілдері де өз үлестерін қосуы тиіс.

**Ренат ШАЙХАДЕНОВ,
Қылмыстық-құқықтық
пәндер кафедрасының
меңгерушісі,
Құқықтану бойынша
PhD докторы**

ҒЫЛЫМДЫ ДАМУДА ӨЗ ҮЛЕСІМДІ ҚОСҚЫМ КЕЛЕДІ

Ұлы Абай атамыз «Әлемді тануға құштарлық адамның бойына біткен табиғи қасиеті» дегендей, бұл қасиет үнемі жетілдіруді қажет етеді. Ғылым саласына аяқ басқан әр адам өзін еркінен тыс баурап алатын түпсіз терең тұңғыққа жолыққандай тереңге еркін бойлағысы келетіні рас. Алайда, бұл жолда көп кедергілер мен толқулар кездеседі. Дегенмен, жаңаны танып-білуге деген құштарлық оны осы бір ғажайып әлемге жетелеп, жаңа қадамдарға аяқ басқан сайын бойына қанат бітіреді. Мектептегі ұстазым, математик Мадина апайым «Талант – бір процент дарын, қалған 99% – еңбек пен тер төгу», – деп бізді үнемі шыңдайтын. Ата-анам, ұстаздарым мен тәлімгерлерімнің тәлімі мен тәрбиесі ізденімпаздығымыздың талаптану және табандылықпен ұштасуына ықпал еткен еді. Ғылым саласына толықтай бет бұруым Еуразия ұлттық университетіне мақсатты докторантураға түсуіммен тығыз байланысты. Сол кезде университетті басқарған Талтенов Абзал Ахатұлының жастарға үлкен сенім артқаны көп маманға жаңа серпін берді.

Ұлттық оқу орнындағы кіл мықтының ортасы, шетелдік тағылымдамадан өткен кезең, диссертацияны қорғауға дайындалған сәт бізді әбден шыңдай түсті деп айтсам болады. Десек те, мамандығым информатика саласы болғандықтан, бүгінгі жарық жылдамдығындай дамып жатқан ақпараттық технологиялар саласында жаңалық ашу, оны білім беру саласына, оқу үдерісіне ендіру алғашқыда оңай болмады. Дегенмен, алған бетімізден қайтпай, әлемдік үздік мақалалар мен оқулықтарды ақтарып, күні-түні ізденіспен жұмысымызды жалғастыра бердік. Докторантурада оқыған кезде наукометрия пәні бойынша дәріс жүргізген п.ғ.д. Мендібекова Гүлбахыт Жолдасбекқызының сабағы бізге қатты ұнайтын. Ғылыми мақалалардың рәсімделуі, халықаралық деректер қорларымен, библиографиялармен жұмыс, Қазақстандық және шетелдік ғылыми мектептердің негізін қалаушылар т.б. көптеген тақырыптарда әсерлі әрі қызықты дәрістер оқитын. Тақырыбым серверлер, желілік технологиялар және үлестірілген деректер-



мен байланысты болғандықтан серверлік баптаулар жүргізу, ақпараттық-бағдарламалық қамтамалар құрумен айналыстым. ЕҰҰ-дегі ұстазым, ғылыми жетекшім, п.ғ.д. Меруерт Серік сабырлы да талапшыл жан, жоспар бойынша берілген тапсырмалардың, есептеріміздің уақытылы шыққанын тексеріп, әр ісімізге талдау жасап отыратын. Біздің зерттеуімізде ЖОО-ның жергілікті желісінде MS SQL сервері және клиенттік компьютерлерге баптаулар жүргізу арқылы клиент-серверлі жүйенің жұмысын іске асыру, корпоративті желіде виртуалды жеке желіні баптау арқылы клиент-серверлі жүйелердің қауіпсіздігін ұйымдастыру, web-клиенттік қосымшалар құруда ASP.NET MVC 5 Framework қызметін қолдану, Microsoft Azure платформасын қолдану, бұлттық дискілік кеңістікте сервер орнату және онда деректер қорын құру, клиенттік компьютерден аталған деректер қорына қашықтан қатынау мүмкіндігін жүзеге асыру, гибриді бұлт принципі бойынша университеттің жергілікті MS SQL және Microsoft Azure SQL Database серверлерін байланыстыру және бірлескен серверлерде үлестірілген есептеулер жүргізілді. Аталған әдістер еліміздің ЖОО-дарында эксперименттен өтіп, тәжірибеге ендірілді. Оқу үдерісіне арналған «Клиент-сервер технологиясы» оқу құралы, цифрлық білім беру ресурстары мен оқу-әдістемелік кешендер әзірленді.

Шетелдік тағылымдама Еуропалық ғалымдармен іскерлік

қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік берді. Үш ай көлемінде Словакия Республикасының Братислава Экономика университетінің «Қолданбалы информатика» кафедрасының базасында тағылымдадан өттім. Братислава, Дубница, Нитра қалаларындағы жоғары оқу орындары мен колледждерінің білім бағдарламалары мен оқу үдерісін ұйымдастыру жұмыстары бойынша көп тәжірибе жинақтадым. Австрия мемлекетінің Баден қаласындағы Педагогикалық білім беру университеттік колледжіде өткен SCHOLA 2018, инженерлік педагогика бойынша 14-ші Халықаралық конференциясына қатысып, баяндама жасалды. Конференция қорытындысы бойынша ғылыми нәтижелер үшін I дәрежелі диплом, Dusan Driensky сыйлығы берілді. Бұл тағылымдамадан үлкен әсермен оралған едім.

Талапқа сәйкес диссертациямның мақсаты мен міндеттері орындалып, жұмысты сәтті қорғап шықтым. Қорғағаннан кейін өзіме басқа лауазим қойып, қоғам алдындағы жауапкершілігім артып, есейгендей болдым. Бізге дейін қандай мықты тұлғалар елі мен жері үшін еңбек еткені, тер төккені, өзімізден кейін қандай жақсы нәрселерді біз жас ұрпаққа тастап кететініміз үнемі ойда жүреді. Қазіргі таңда өзім білім алған киелі қара шаңырақ, тағылымды мол оқу ордасы – Атырау университетінде қызмет жасаймын. Ақылды қалалар, бұлттық есептеулер, жасыл технологиялар туралы дәріс оқып отырып, студенттерге «Балалар, біз болашақта ақылды қалаларда өмір сүретін боламыз» деп жиі айтамын. Өйткені, ғылым мен технологияның дамуы осындай керемет жаңалықтар ашуға жәрдемдеседі. Осындай миллиондаған мүмкіндіктерді ұсынған заманауи ғасырдың көшінде білім сүйген адамдар ғылымның жақұтын теріп, адами болмысынан танбай, жас ұрпақтың болашағы үшін аянбай еңбек етсе екен деп тілек білдіремін. Жарқын болашаққа үлкен сеніммен бірге қадам жасайық.

**Мейрамгүл Мұхамбетова,
Информатика
мамандығының
PhD докторы**

БІЗДІҢ ТҮЛЕГІМІЗ - ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҰСТАЗЫ



Данагүл ЕГІНБАЙ,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының
2-курс студенті

ШАБЫТПЕН СЫРЛАСУ

Кіршіксіз парақ, тамбаған қалам сиясы,
Жазбаппын жырды, жылжыпты күндер қарасы
Сағым боп көзге жауаңдап қалған қу шабыт,
Өлеңнің қайта тұтқыны болдың қарашы.

Әлсіздік басып, безгендей мына өмірден,
Адамнан үркіп, қас қылатындай көрінген.
Өзіммен өзім шаршаңқы жүрмін, шаршаңқы
Білініп тұрған шығар-ау мына түрімнен.

Өзімнен қорқып, өзгенден қорқып жанарым,
Болашақ дейтін заманға сенбей қарадым.
Мен шешкен таңдау жеткізсе егер шыңдарға,
Шабытымменен сырласып мәңгі қаламын.

* * *

САРЫ КҮЗ

Сырласып іштей қараша желдің ызғары,
Қабағын мүлде жаңбырлы күнде бұзбады.
Есіркеп мені тұрғандаймысың мұңлы күз -
Жабырқап тағы отырмысың қыз жаны?!

Мұғалімнің мәртебесі қашан да жоғары.
Өскелең ұрпақты тәрбиелеп, білім
беретін тәжірибелі ұстазға өркеніетті
елдер аса құрметпен қарайды. Қазіргі
таңда мұғалімнің мәртебесіне рухани
жағынан, Заң жүзінде де ерекше көңіл
бөлінуде. Айқын дәлелі – Қазақстан
Республикасының 2019 жылғы 27
желтоқсандағы N 293-VI ҚРЗ. «Педагог
мәртебесі туралы» Заңы.

Аталмыш заңның 4-бабына сәйкес
Қазақстан Республикасында педагогтің
-ерекше мәртебесі танылады, бұл
оның кәсіптік қызметін жүзеге асы-
руы үшін жағдайды қамтамасыз

етеді. Заңда педагогтің әдеби, кәсіптік
қызметін жүзеге асыру кезіндегі
құқықтары, педагогті материалдық және
материалдық емес қамтамасыз ету, т.б.
мәселелер қамтылған.

Осы ретте, педагогтің аса үздік
жетістіктері және Қазақстан Республи-
касына сіңірген айрықша еңбегі үшін
Қазақстан Республикасының Заңына
сәйкес мемлекеттік наградалар, оның
ішінде «Қазақстанның еңбек сіңірген
ұстазы» құрметті атағы ұсынылады.

Осындай құрметті атаққа ие
болған университетіміздің түлегі,
Индер ауданындағы Б.Нысанбаев

орта мектебінің мұғалімі Ақмарал
Габдуллинаға Қазақстан Республи-
касы Президентінің 2021 жылғы 12
ақпандағы Жарлығымен «Қазақстан
Республикасының еңбек сіңірген
ұстазы» мәртебесі берілді. Жоғары са-
натты тарих және құқықтану пәнінің
мұғалімі Ақмарал Габдуллина 30 жылдан
астам өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие
беруде нәтижелі қызмет атқарып келеді.

Ұстаз еңбегі ұлағат пен өнегеге толы
жұмыс. Еңбегі еленген тәжірибелі
ұстазды ұжымымыздың атынан құттықтай
отыра, абыройлы қызметіне өркендеу
мен өрлеу тілейміз.

Жұбату қиын,
Жұбата алмадың сен мені,
Сарынды кейде түсінбей-ақ қойдым сендегі.
Жаңбыр боп мұңдар, сел болып сіңіп кетсе де,
Өзіңмен бірге, есіме тағы келеді.

Есіме түсті оралғаныңда тағы да,
Мен сені кейде сарыла күтем сағына.
Ессіздігімнің осында болар мәні де –
Жайсыз да жайлы сәттерге толы сары күз
Мен сені тағы күтіп отырмын сағына.
Күтіп отырмын тағы да...

* * *

УАҚЫТ

Бүгін, ертең күндер-ай зуылдаған,
Бір құдірет адамға бағынбаған.
Кейде уақыт мен сені жек көремін,
Айлакерсің түлкідей жылмаңдаған.

Тасқа айналған жүректен қатаясың,
Мен үшін тым тәкаппар байқаласың.
Маған қымбат қаншама адамдарды
Қашан менің жаныма қайтарасың?!

Уақыт, уақыт шаршадым осы сөзден,
Жылдар тайып барасың көздерімнен.
Мен сені мейірімді санайтынмын,
Мейірімсіз екеніңді білмегеннен...



Назым САТЫБАЛДИЕВА,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандағының
2-курс студенті

МЕН ТУҒАН ӨЛКЕ

Батырға да, ақынға да бай өлкем,
Мыңғырған малы, шаруасы-дағы жай өлкем.
О, туған жер, қасиетіңнен айналдым,
Батысымменен иық тіресер қай өлкең?!

Мен туған өлке – айбары басым Батысым,
Туғызған талай асылы менен арысын.
Датұлы бастап, Исатай менен Махамбет,
Тәуелсіздік үшін таңдаған талай ат үстін.

Мен туған өлке – дәулескер күйдің мекені,
Құрманғазы, Дина, Есқали күйдің шебері.
Рысбай аға, Айгүл қыз Үлкенбаева
Күй қағандарының бүгінгі келбет-бедері.

Мен туған өлке – Хиуаз қыз қанат қаққан жер,
Тарихта мәлім, даласы сонау асқар бел.

Біртуар перзент Жүмекен менен Табылды,
Құмында аунап, жанына сая тапқан жер.

Туылған мұнда Қаршыға, Әбу, Хамасы,
Фарица қызға тең келер бар ма баласы?!
Нарында туған наркескен ақын Нұралым,
Ақұштап апа өлкенің ақ шағаласы.
Сыршыл да сыншыл қазақтың дана Қадыры,
Домбыра-кие, қос ішек білген қадірін.
Жұбандай ұлды қазаққа бақ қып бұйыртып,
Бере салғандай бағымыз үшін Тәңірім.

Атырау, Жайық, Маңғыстау, Каспий арасы,
Ақтөбе менен Оралдың шалқар даласы.
Таңдана қарап, тамсанған талай көз тігіп,
Біз туған өлке тамаша қандай қарашы!

Мен туған өлке, сен туған өлке бауырым,
Гүлдене берсін, асқақтай берсін ауылың.
Титімдей ғана сандуғаш едім сайраған,
Самғасам деймін қыраны болып дауылдың!



Шұға ЖЕКСЕМАЛИЕВА,
«Филология» мамандығының
4-курс студенті

ӘБІШКЕ АРНАУ

Жырлары оның інжудей болып төгілген,
Туған жердің топырағына көсілген.
Үркердей болып жарқылдап келіп өмірге,
Шырғалаң жолын халқымен бірге өткерген.

Рухың биік ұлтыңның асқақ ұлысың,
Ұрпағыңның бітпейтін дара жырысың.
Құдырет күш бар жүйткіген асау тілінде,
Ұрпағың үшін мол жақұттың бірісің.

Ұмтылып алға жырыңнан қуат аламын,
Үлгі алып сенен жырыммен өрнек саламын.
Өзіңіз қазған Шыңыраудан сусындап,
Жаныма дәру, көңілге медеу қыламын.

Сіз деп жазылған қызыңның асқақ жыр әні,
Алты алашың артыңнан аңсап тұр әлі.
Талай тамсанар туыңды туған қаламың,
Жалғыз күй кешіп, өзінді іздеп тұрады.

* * *

АЛАШ АРЫСТАРЫ

Алаш ол – өткендердің дара жолы,
Алаш ол – Әлихандай бабам ұлы.

Азаттық таңын тілеп дұға еткен,
Алаш ол – бір Алланың сүйген құлы.

Жерім деп, елім деп таң атырғандар,
Жазықсыз жала жауып атылғандар.
Ахмет, Міржақып, Халелдерді
Сөз етсем ғасыр тіпті жетпей қалар.

Халқына жарқын таңның атуы үшін,
Алашымның арыстары салды күшін.
Қырық күн құласа да сұңқарынан,
Жоғалтпады ата-дәстүр, тілін, дінін.

Тар дүние кеңітпеді құшақ ашып,
Қараңғылық дәуірі кетті басып.
Жүсіпбек, Мағжан менен Бейімбеттер
Қалдырды том-том қылып кітап жазып,

Ақ байлап, туған жерін сүйіп өтті,
Ақтан күйіп, нақақтан жапа шекті.
Ақтабан дүбірлеген мына Отанды,
Аманат қып біздерге тастап кетті.

Үлгі етіп ісін, сөзін мұра қылған,
Сәкен мен Илияс дара туған.
Өлді деуге келмейді бұл жандарды,
Артына өшпейтұғын із қалдырған.



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:

Қ.Сансызбаев – Редактор
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы
А. Ғинаятұлы – фотограф
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
Ә.Кенжетай

Н.Жаңбырбай
А.Мутиева
А.Өтемісқызы
А.Сәлімгерейқызы
Электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінде тіркеліп, #707
куәлік берілген 04.02.2002 жыл
Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат»
ЖШС баспаханасында
басылды. Тапсырыс #420
Баспаның мекен-жайы:
Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев
көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана